

Қостанай облысы Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 тамыздағы N 730

Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облысының әкімі:

1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейін белгіленген тәртіппен облыстық мәслихатқа Арқалық қаласының бюджетіне 150 млн. теңге сомасында субвенция бөлу мәселесі бойынша облыстың бюджетіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізісін;

1998 жылдың 4 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне Арқалық қаласының объектілерін күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындау үшін қаржы ресурстарына деген қажеттілік бойынша негізді есептемелер ұсынсын;

Арқалық қаласының әкімімен бірлесе отырып, салық салынатын базаны ұлғайту, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төленетін ақының заңды және жеке тұлғалардан толық жиналуы жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде жалақы жөніндегі және Арқалық қаласының аумағында орналасқан республикалық мекемелердің тұтынылған жылу энергиясы үшін кредиторлық берешегін 1998 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өтесін және оның өсуіне жол бермесін.

3. Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті 1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Арқалық қаласының тұтынушылары алатын электр энергиясы үшін тарифтерді төмендету жөнінде тексеру жүргізісін және ұсыныстар енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі Қостанай облысының әкімімен бірлесе отырып:

1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде "Оңтүстік электр жүйелері" АҚ-ын, Арқалық қаласының ЖЭО-ын қаржы-экономикалық сауықтыру жөнінде ұсыныстар енгізісін;

"Қазақстан алюминийі" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірге Қараторғай су тартушысын пайдалану мен жұмыс күйінде ұстауды қоса қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

белгіленген тәртіппен Арқалық қаласы әуежайының банкроттық рәсімін жүргізісін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде Арқалық қаласы әуежайының қайта жұмыс істеуіне тиісті лицензия беру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры, Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті, "Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" ЖҰАҚ-ы (келісім бойынша) Қостанай облысының әкімімен бірлесе отырып Арқалық қаласының әкіміне:

шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін маркетинг, менеджмент, бизнес-жоспарлау, республиканың басқа аймақтарын шағын кәсіпкерлік субъектілерімен және шетел фирмаларымен іскерлік байланыстарды орнату мен дамыту саласында қызмет көрсету арқылы шағын кәсіпорындарға атаулы қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін қалалық и н ф р а қ ұ р ы л ы м к ұ р у д а ;

Арқалық қаласының кәсіпорындары, оның ішінде аймақтық кәсіпорындар үшін инвестициялар, банктік несиелер және өзге де қаржы ресурстарын, атап айтқанда, Азия Даму Банкінің және Еуропа Қайта жаңарту және Даму банкінің заемдарының қаражатын тартуда көмек көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесе отырып, 1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Арқалық қаласының акциялардың мемлекеттік пакеттері бар кәсіпорындарын заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастыруды және ж е к е ш е л е н д і р у д і жүргізсін.

8. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті медициналық сақтандыру қорының Республикалық дирекциясы:

1998 жылдың 10 тамызына дейінгі мерзімде мекемелердің кредиторлық берешегін 1998 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша өтесін және оның өсуін болдырмасын;

1998 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде Арқалық қаласының медициналық мекемелері көрсететін медициналық қызметтерге төлем тарифтерін оларды ұлғайту жағына қ а р а й қ а й т а қ а р а с ы н .

9. Қостанай облысының әкімі Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін бюджет қаржысын қысқарту үшін облыстың денсаулық сақтау, білім және мәдениет объектілерін ұтымды ету шараларын жүргізсін.

10. "Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 103 P980103_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

үшінші абзац "Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік аймақтарында"

деген сөздерден кейін "Қостанай облысының Арқалық қаласында" деген сөздермен толықтырылсын.

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК